

3

Ғарыш тарихынан сыр шерткен



4

Ат бәйгесі – дәстүрлі тойдың дара салтанаты



Сыр бойы

15 қазан, сейсенбі 2024 жыл



№159 (20833)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдады.

Президентке аграрлық саланы дамытудың биылғы 9 айдағы қорытындысы баяндалды. Министрдің айтуынша, бүгінде егінің 98 пайызы жиналып, 25,2 миллион тонна астық бастырылған. Орташа өнімділік әр гектардан 15,5 центнерді құрайды. Дикандар 1,2 миллион тонна кант қызылшасын жинамақ. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сонымен қатар жем-шөп түрлерін де көптеп жинау жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, егін ету және жинау науқанын қаржыландыру көлемін ұлғайту шаралары қолға алынды. Биыл осы мақсатқа алғаш рет 5 пайыз мөлшерлемесмен 580 миллиард теңге бөлінді. Қаржы шаруаларға субсидиясыз, тікелей беріледі. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп. Айдарбек Сапаровтың айтуынша, 2025 жылы аталған бағыттағы қаржыландыру көлемін 900 миллиард теңгеге дейін ұлғайту көзделіп отыр. Оның ішінде жеңілдетілген лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасын алуға 200 миллиард теңге бөлінеді. Төмен пайызбен берілетін несиені тиімді пайдаланып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін мемлекеттік қолдау тетіктеріне өзгеріс енгізілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 9 айда 796 мың тоннадан астам өндірілгені жөнінде мәлімет берілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,5 пайызға артық. Сүт өндіру көлемі 4,2 пайызға өсіп, 2,8 миллион тоннаны құраған.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспары аясында кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайту және отандық өнімді өткізу нарықтарын кеңейту үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Сүт, ет, құнбағыс, күріш, жүгері және қарақұмық өңдеуді 70 пайызға дейін жеткізу көзделген.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына ведомствоның келесі жылға арналған жоспары таныстырылды. Министр егістіктерді жедел әртараптандыру жұмыстары жалғасатынын айтты. Ол үшін суды көп шығындайтын және бір ғана дақыл түрі егілетін алқаптарды азайтып, көбірек пайда әкелетін өнім түрлерін өсіруге басымдық беріледі.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министріне агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрі Никол Пашинянмен телефон арқылы сөйлесуде екіжақты сауда-экономикалық және мәдениет-информациялық ықпалдастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

Қазақстан Президентінің биылғы сәуір айында Арменияға жасаған ресми сапары барысында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: **жөкелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге**

/// АУА-РАЙЫ

КҮН СУЫТАДЫ

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті 15 қазанда түнде облыстың солтүстігінде, шығысында қар, көктайғақ, күндіз шығыста жауын-шашын, 16 қазанда түнде облыстың шығысында қар, көктайғақ болатынын хабарлайды.

15-16 қазанда түнде және таңертең облыстың шығысында, орталығында тұман күтіледі. Солтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, облыстың солтүстігінде, шығысында, орталығында 15-20 м/с жел соғады. Облыстың солтүстігінде 2 градус үсік жүруі ықтимал. 15-16 қазанда одан әрі төмендеп, түнде 1-6 градус үсік болады.

/// ҚАЛА КҮНІ

ШЫРАЙЛЫ ШАҒАРДЫҢ ЖЕТІСТІК ЖАУҒАРЫ



Орталық стадионда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қала күніне орай мерекелік іс-шара өтті. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, қала, аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері мен қала тұрғындары жиналды.

Аймақ басшысы жұртшылықты мерекеміз құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне тоқталды. – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы Сыр өңіріне келген сапарында облысымызға дамудың үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызды аймақ деп оң бағасын берді. Биыл Қызылорда қаласының бюджеті 50

млрд теңгеге артып, 107,9 млрд теңгеге жетті. Қала күні қарсаңында тұрғындар асыға күткен жайлы мектеп, «Оқушылар сарайы», теннис орталығы ел игілігіне табысталды. Сол жағалаудағы №2 шағын ауданға салынған 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үйде қоныстой тойланды.

2-бет

/// «АЛТЫН КҮЗ – 2024»: ҮЗДІК АУДАН

ЖАЛАҒАШ ДИҚАНДАРЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ ШАҒЫ

Жылдағы дәстүр бойынша егін-терім науқанын қорытындылайтын «Алтын күз» мерекесінде Жалағаш ауданы «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» атанып, абырой биігінен көрінді.



Бекітілген межеге сәйкес ауданда 37218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде 19800 гектар күріш толық жиналып, әр гектарынан орташа 60,5 центнерден өнім алынды.

Бұдан бөлек, бидай, арпа, сұлы, кант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс сияқты бақша дақылдары толық жиналып алынды. Қазір жоңышқа дақылдың жинау жұмыстары жүргізілуде. Биыл 4850 гектар жаңа жоңышқадан, 8091 гектар ескі жоңышқадан мол өнім алынды. Бұл орайда аудан шаруашылықтарының маусымдық жұмыстарда ұтымды ұйымдасып, алажаздайғы еңбектің өнімін ысырапсыз қамбаға құйғанын айту қажет.

Осы салада ұзақ жылдық тәжірибесі бар, Қазақстанның Еңбек ері И.Шағыртаев басқаратын «Таң ЛТД» ЖШС биыл 3000 гектар жерге егін еккен. Оның ішінде 1500 гектарға егілген күріштің әр гектарынан орташа есеппен 85 центнерден өнім алды. Өнімнің басым бөлігі – шетелдік жаңа «Каурис» сорты және жерсіндірілген «Лидер», «Альянс» сорттары.

2-бет

ҚАРЫЗСЫЗ ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРУГЕ БОЛАДЫ?

Қызылордалық Ақшолпан Әнәпия ақшаны оңды-солды шашатындардың қатарынан емес. Сол үнемділігінің арқасында үй де алып, саяхатқа шығып та үлгерді. Жас мұғалім мұның сырын бала күнінде қалыптасқан дағдымен байланыстырады.

– Оқушы кезімде қалтама азын-аулақ ақша жүретін. Ешкімге айтап, өз бетімше жинап әдеттендім. Студент болғанда стипендия, жұмыс істеп табатын, үйден келетін ақша бар, ең көп жинағаным 200 мың теңгеге жуық болды. 2013 жылы бұл студент үшін үлкен сома еді, – дейді кейінкеріміз.

Ол жалақысын жоспарлы түрде жарататынын айтты. Жұмысқа тұрған алғашқы жылы баспаналы болуды мақсат етіп, жеті жыл ішінде алғашқы жарнапұл ретінде 4,5 млн теңге жинап, ипотекка пәтер алды. Одан бөлек, елдің ішінде Алматы мен Баянауылға, елдің сыртында Тбилиси (Грузия) мен Стамбулға (Түркия) барып, естен кетпес әсерге бөленді.

2-бет



Валюта бағамы

\$ 487,37 kzt

€ 532,94 kzt

₺ 5,09 kzt

Ауа райы

+2° +4°

+8° +10°

ШЫРАЙЛЫ ШАҒАРДЫҢ ЖЕТІСТІК ЖАУҒАРЫ



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫ

Осы уақытқа дейін қаламыздың ең басты коммуналдық мәселесі болып келген көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету оң шешімін тапты. Биыл 187 үй, алдағы жылы тағы 237 үй ыстық суға қосылады. Соңғы екі жылда біз барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық бердік. Ең алдымен облыс орталығындағы қоғамдық көлікке қатысты түйткілді түбегейлі шешу үшін 300 жаңа автобус сатып алынды. Жаңа қоғамдық көліктер жолаушыларға қызмет көрсетуде. Тұрғындар сұранысына сәйкес алынған 200 санитарлық автокөліктің 60-ы Қызылорда қаласындағы денсаулық сақтау мекемелеріне табысталды. Сүйікті қаламыздың самалай жарқырауына, көркейіп-гүлденуіне бірге атсалысайық! Жаңа белестерді бағындырып, асқақ армандарға бірге жетейік! Әр шаңыраққа шаттық, береке-бірлік тілеймін! – деді облыс әкімі. Салтанатты іс-шарада қаланы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тұрғыдан өркендетуде ерен еңбектің үлгісін көрсеткен 9 азаматқа «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Сан салада қызмет ететін 3 азаматқа облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, 9 азаматқа облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Қала күніне арналған мерекелік отандық эстрада өншілерінің концертіне және отпашуға ұласты.

ЖӘРМӨҢКЕ

«АЛТЫН КҮЗДІҢ» АЙРЫҚША СЫЙЫ



Атап айтқанда, 200 тоннадан астам күріш, 25 тонна ет және 40 тоннадан астам балық өнімдері, 200 тонна картоп, 70 тонна сәбіз, 120 тонна пияз, 150 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша, 10 тоннадай сүт, 10 тоннаға жуық кондитер өнімдері, 200 бас тоқты және 40 тонна жем-шөп жеткізілді.

Биыл Сыр диқандары 189 400 гектар жерге егін екті, 85 600 гектар күріштен 58 центнерден өнім алып, жарты миллион тоннаға жуық Сыр маржанын жинады.

Бүгінгі күні күріштен басқа да дәнді дақылдардан 18,5 мың тонна, майлы дақылдардан 4,9 мың тонна, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен 352,7 мың тонна, малазықтық дақылдардан 327 мың тонна өнім қамбаға күйілді.

Жәрмеңкеде жергілікті өнерпаздар өнер көрсетіп, балаларға арналған ойындар ұйымдастырылып, келушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Қызылорда қаласында ұйымдастырылған «Алтын күз-2024» дәстүрлі мерекесі аясындағы жәрмеңкені аралады. Қала күніне орайластырылған ауқымды іс-шарада Қызылорда қаласы мен барлық ауданнан келген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері белгіленген орындарда өз өнімдерін саудаға шығарды. Тұрғындарға ала жаздай рызқ-несібесін жерден терген Сыр диқандарының 1000 тоннадан астам өнімдері ұсынылды.

ЖАЛАҒАШ ДИҚАНДАРЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ ШАҒЫ

Ал «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 1300 гектарға күріш егіп, әр гектарынан орташа есеппен 89 центнерден өнім алды. Шаруашылық жалпы 3500 гектарға дақылдар еккен. Оның ішінде 5 гектар жерге егілген «Құрманбай ата» алма бағының экологиялық таза, табиғи өнімі үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Ауыл шаруашылығында өнім сапасының артуына жаңа технология мен заманауи техниканың ықпалы зор. Сондықтан аудан шаруашылықтары техника паркін жанартып отыруға ерекше көңіл бөледі. Биылдың өзінде 1670,6 млн теңгеге 26 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Аудан әкімінің айтуынша, жалағаштық шаруашылықтар бүгінде суды үнемді пайдаланып, өнім көлемін арттырудың көзін тапқан.

– Президенттің, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен нәтижесінде биыл күріш алқабында судан тапшылық болған жоқ. Диқан қауымының еңбегі ақталып, жоспарланған межелден жоғары өнім алынды. «Қызылорданың Қостанайы» атанған жалағаштықтар биыл да кезекті науқанда мол табысқа кенеліп, биік тұрғыдан көрінді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қатысуымен өткен «Алтын күз – 2024» салтанатты жиынында Жалағаш ауданы «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» атанды. Бұл – аудандағы егін шаруашылықтарының бірлесіп атқарған жұмысының берекелі көрінісі, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Тағы бір айта кетерлігі, биыл ауданда ірі серпінді жобалар жүзеге асырыла бастады. Соның бірі, осы жылдың 9 айында жоспарланған макроэкономикалық көрсеткіштерде өсім қалыптасты. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 29,4 пайызға артып, 29 млрд 362 млн теңгенің өнімі өндірілді.

Ал негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 12,8 пайызға артып, 14 млрд 461 млн теңгені құрады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 20 659,4 млн теңге болып, 103,7 пайызға орындалды.

Ауданда тұрғын үй бағытындағы жұмыстар да қарқынды жүзеге асырылуда. Айталық, биыл көлемі 17 523 шаршы метр болатын 112 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал құрылыс жұмыстарының көлемі 163,8 пайызға орындалып, 7 млрд 991,8 млн теңгені құрады. Сондай-ақ бөлшек сауда көлемі 2 816,8 млн теңге болып, 102,1 пайызға орындалған.

«Алтын күз» мерекесі аясында Қызылорда қаласының тұрғындары үшін Жалағаш ауданында өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде ауданнан 60 автокөлікпен өнімдер әкелініп, 46 млн 850 мың теңгенің азық-түлік өнімдері сатылымға шығарылды. Нақтырақ айтсақ, 200 тоннадан астам азық-түлік өнімдері және 6,5 тонна шамасында мал азығы қала тұрғындарына қолайлы, яғни базардағыдан 15-20 пайызға төмен бағада ұсынылды.

Өндіре әлеуметтік азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында Жалағаш ауданының ұйымдастыруымен жыл соңына дейін 3 мәрте ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін ұйымдастыру жоспарлануда.

Ғазиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы»

ҚАРЫЗСЫЗ ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРУГЕ БОЛАДЫ?

– Оның бәріне ақшаны бір ғана жалақидан жинадым. Артық той-томалақ, қыдыру, қымбат киім, тағы сол сияқтыларды доғардым. Әйтпесе, жалғыз айлықпен мақсатқа жету қиын. Табысымыз қатаң жоспарлап, жұмыстан түсетін сыйақы немесе өзге де көздерден түсетін ақшаны тек депозитке салып отырдым, – дейді Ақшолпан Әнәпия.

Жастығынан бастап қарттығына дейінгі ойлайтын, ақшаның кірісі мен шығысын үнемі бақылып, баламға ұстайтын адамды бір сөзбен «қаржылай сауатты» дейді. Бірақ бұл әдет жұрттың бәріне бірдей тән емес. Екінің бірі банктің мойнына мініп алған заманда ешкімге үнем туралы пәлсапа соға алмайсың. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024 жылдың 1 сәуіріндегі мәліметінше, елімізде 8,4 млн адам тұтынушылық несие алған. 1,5 млн адам банкке берешегін уақыттылы төлей алмай жүр. Халықтың қарызға бел шешен батуы талай шаңырақтың шайқалуына, ерлі-зайыптылардың ажырасуына, адамдардың ұрлық-қарлыққа, басқа да ессіз әрекеттерге баруына әкеп тіреп отыр.

Түйткілді мәселенің шешімі ретінде Үкімет ұсынған бір жол – «Қарызсыз қоғам» жобасы. Оны «Атапай» партиясы «Halyk Bank»-пен бірге бытырғы көктемнен бері жүргізіп келеді. Бұл қатарға биыл өзге де банктер қосылып, қолдау білдірді. Жоба «аш адамға балық емес, қармақ бер» тәсіліне негізделген. Оған қатысса, қарызды жауып береді деп ойлау қате. Тәлімгерлер өз проблеманы өзін шешуге көмектеседі.

– Пилоттық жоба ретінде бас-талған өткен жылы бесқұндік курстарымызға 65 мың адам қатысты. Оң нәтижені көргеннен кейін Президент барлық өңірді қамтып, жобаны жалғастыруды тапсырды. Биыл республика көлемінде 750 мың (облыста – 8 мың) адамды оқыту жоспарланды. Оның 200 мыңы жасы 18-ден асқандар болса, қалғаны – оқушылар мен студенттер, – дейді «Қарызсыз қоғам» жобасының облыстағы қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен.

– Статистикаға сүйенсек, еліміздегі жастардың 80%-ы несие алған. Басым бөлігі – бір-бірінен қалыспау үшін брендтік гаджет сатып алған студенттер. Тек небәрі 3%-ы бизнесті ашуға немесе рәсімдесе, қалғаны аса қажет емес, бірақ көңілі ауған дүниеге шығындалған. Несиеге жиі ұрынатқындардың ендігі бір тобы – қыз-кейіншектер, көбіне түйсуын, ағасының немесе жақын түйсуын қарызын өтеймін деп өздері тығырыққа тірелген.

Жоба сарапшысы елімізде тұтыну мәдениетінің төмен екенін, көпшіліктің қит етсе, бас-көзге қараймай банкке жүргіретінін алға тартты.

– Қазақ «көрпене қарай қосіл» деп бекер айтпаған. Қазір көзді қызықтыратын нәрсе көп. Не-

сиге, ақсын бөліп төлеп сатып алып жатқан дүниелер қажеттілік пе әлде қалау ма, әуелі соны біліп алған дұрыс. Жоба аясында қарызы көп, қаржылық қиындыққа ұшырағандарға заңгер тегін құқықтық кеңес беріп, әртүрлі мәселе бойынша көмектеседі. Бізде бір қарызды екіншісімен жабу әдетке айналып кеткен. Бұл жағдайда адам өз-өзін тоқтатпаса, жағдай күрделенуі мүмкін, – дейді Балдырған Мәмен.

Айтуынша, ақшасын басқарғысы келген адам алдымен кіріс-шығысын тұрақты түрде жазып отыруы керек. – Мұның іш пыстыратын, эмоционалды салмақ салатын, көңіл-күйді түсіретін жұмыс екенін түсінемін. Бірақ олай істемейінше қаржыны басқару мүмкін емес. Ақшаны жұмсауда қажеттілік пен адамның қалауын ажырата білу керек. Негізгі қатты қалап тұрған, бірақ онысы өмір сүруге болатын нәрсе көп. Міне, солардан бас тартып үйренсеңіз, ақша үнемделгенін көресіз, – дейді жоба өкілі.

Ол жылына жоқ дегенде бір рет несие тарихын тексеруге, күмәнді нөмірлерге жауап бермеуге, сілтемелерді баспауға, SMS болып түскен құпия сөзді ешкімге айтпауға кеңес береді. Әйтпесе, алаяқтардың тұзағына түссіз. Несие алуды шектеу үшін «eGov» порталы мен оның қосымшасындағы «Стоп кредит» қызметін қолдануға болады. Банктер мен қаржы ұйымдарының

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛҒА ЖАУАП

КҮРІШТІҢ МӘСЕЛЕСІ КҮРМЕКТЕН КӨП

Осы жылдың 5 қыркүйегінде Сенаттың пленарлық отырысында сенаторлар Руслан Рүстемов пен Наурызбай Байқадамов ҚР Премьер-министрінің атына Қызылорда облысының аумағында егін шаруашылығын тұрақты дамыту және осы саладағы проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар ұсынымдар қамтылған депутаттық сауал жолданған болатын. Депутаттық сауалға Премьер-министрдің атынан келген жауап хаттың толық мәтіні оқырмандар назарына ұсынылып отыр.

«Құрметті депутаттар! Сіздердің Арал өңірі аймағындағы егін шаруашылығы мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Арал өңірі аймағында егін шаруашылығын тұрақты дамыту үшін Күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мемлекеттік инвестициялық жобасын қолдауға және институтты ғылыми кадрлармен қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан қаражат бөлуге қатысты: 2024 жылғы 30 мамырда Үкімет Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекітті. Аталған кешенді жоспарды іске асыру бойынша Ү.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының материалдық-техникалық базасын жаңғырту бойынша 2025-2028 жылдарға 4,15 млрд теңге көлеміндегі мемлекеттік инвестициялық жобаны Ұлттық экономика министрлігі мақұлдады. Қаржы-экономикалық негіздеме әзірленіп, Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығына келісуге жолданды. ҚМЖӘ ҚЭН-ді келіскеннен кейін жоба республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылатын болады.

Қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманың ғылыми-техникалық жобасы немесе бағдарламасына Арал өңірінің суармалы егіншілігі жағдайында су тапшылығына бейімделген күріштің және басқа әртарапталдыру дақылдарының жаңа сорттарын шығару мәселелерін қосуға қатысты: Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасына сәйкес ғылыми қызмет мемлекеттік бюджеттен базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

Министрлік ауыл шаруашылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді БНҚ бюджеттік бағдарламасын тек конкурстық негізде әкімшілендіруді жүзеге асырады.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің БНҚ аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын қарастыру бойынша конкурста өтінімдер қабылдау 2024 жылғы 22 мамырға дейін жүргізілді және ГЖБМ-ге қарасты Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілді.

Осыған байланысты күріштің және басқа әртарапталдыру дақылдарының жаңа сорттарын шығаруға қатысты ғылыми-техникалық жобаны немесе бағдарламаны ғылыми зерттеулер тізбесіне қосу бойынша ұсыныстарының 2025-2027 жылдарға арналған бағдарламаны қалыптастыру кезінде ескерілетін болады.

Сыр өңірінде су тапшылығының күшеюі жағдайында ауыспалы егістік аумағында қайта тұздану процесінің алдын алу мақсатында ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне қатысты: 2024-2026 жылдарға арналған БНҚ аясында ғылыми-техникалық тапсырмалардың қалыптасқан тізбесінде «Ауыл шаруашылығының қарқынды жүйелеріндегі топырақ-агроэкологиялық мониторинг және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығын сақтау және өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу» тақырыбында зерттеу көзделген. Оның шеңберінде қайта тұздануға қарсы күрес жөнінде зерттеулер мен шаралар әзірлеу жүргізілетін болады.

Қызылорда облысында күріш жалпы егіс алқаптарының 41,7 %-ын алады. Аталған алқаптар фермерлерде сапалы тұқымдардың, өсімдіктерді қорғау құралдарының және басқа да агротехнологиялардың болмауы себептерінен тұрақты су басу әдісімен егілген. Сонымен қатар суды тұтынуды азайту мақсатында күріш өндірісінде механикаландырылған суару (бурку, тамшылатып суару) кенінен енгізілетін болады, бұл өнімділік пен сапаға, ауыспалы егіске және топырақ құнарлығының жоғарылауына нұқсан келтірмейді.

Өз кезегінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін су үнемдеу технологияларын қолдануға ынталандыру мақсатында салынған инвестициялардың 80%-на дейін инвестициялық субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көзделген. Сондай-ақ жердің қайта сортадануын болдырмау мақсатында су сыйымдылығы аз және сортадануға төзімді егістік жерлердің үлесін ұлғайта отырып, ғылыми негізделген ауыспалы егісті енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сыр өңірінде жерасты суларын егін шаруашылығына пайдалану мүмкіндіктерін зерделеп, шаруалар үшін ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеп, желел қабылдауға қатысты.

Осы мәселені зерделеу және тиісті ұсыныстарды әзірлеу шеңберінде «Интенсивті ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы» бағыты бойынша топырақтың құнарлығы мен тұрақты өнімділігін арттыруға ықпал ететін интенсивті егіншілік жүйесінде (жерасты сулар) ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша ғылыми-техникалық жоба (бағдарлама) көзделген.

Жалпы ауыл шаруашылығын жүргізуді кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен сүйемелдеу мәселелері Үкіметтің бақылауында» делінген жауап хатта.

Назерке САНИЗОВА, «Сыр бойы»



Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, ажар, түр беруге, әшекейлеп, әрлеп, өрнектеуге еңбек етеді. Сол арқылы өз жолын, өмірдегі орнын белгілейді. Өмір бойына құмырсқадай қыбырлап адал еңбек еткен адам дүниеге түсіністікпен, жауапкершілікпен қарайтыны даусыз. Осы жолда өз ой-күшін, қуатын сарп етеді. Сол себепті, өз тағынан құламайды, жолынан жаңылмайды екен.

Шынында да, өзін аспанда, ойын төменде жүрсе кім болғаны? Күлдірсін Сейтжанқызының ойы аспанда, үнемі қиял қанатында жүреді. Оның жан әлемі адамды жел-қайықтай шайқап, толқынысқа салып жібергендей күйде қалдырады. Рухани қазынасы бай. Ой мен жан сұлулығы Күлдірсіннің табиғатында өрілгендей. Марқұм Шәрібай ағамыздың өмірден озар алдында: «Әйел әлемін сен арқылы қабылдадым» дейтін сөзін зерделей келе, әріптесім, замандасым Күлдірсіннің бойынан әйел затына тән кіршіксіз махаббат пен сұлулықты іздедім. Кіршіксіз таза махаббат пен сұлулық қандай адамда болу керек?! Бұған жауапты Мағжан ақыннан таптым: «Әрине, баласын сүйген анада, ғашық жарда болу керек. Жүректі елжіретіп ерітетін, өлгенді тірілтпесе де, өшкенді жандыратын жанның қолында болуға тиіс. Өмірдің қызығы, ләззаты осылар. Бұларсыз өмірде мағына жоқ екені мәлім» депті. Күлекен осы айтылғандардың бәрінің қасында мекендеді. Оған ел күе, өзіміз күеміз. Барлық жанның түсіне балалығы кіреді емес пе? Күлекен алты жасында әкесінен, он екі жасында анасынан айырылады. Тым ерте. Әлі ақыл тоқтатып та үлгермеген аңғал кез. Әкесі Сейтжан көкеміз жайлы сұрағанында: «Әкеміз бейнесі жалымда бар, бірақ түрін елестете алмаймын. Ең болмаса түсімде көрсем деп қиялдаймын» деп жанарынан жас төгіліп, біраз уақыт үнсіз отырды. Әкесі жайлы бар білетіні – ағайын-туыс, бауырларынан естігені ғана. Көпбалалы отбасынан шыққан Күлдірсіннің есімі, отбасында ұл бала болмағандықтан, әке-шешесі «Құдай күлдіріп, бізге де ұл берсе екен» деген арманынан туған екен. Күлекеннен кейін туған тоғызыншы перзенті де қыз бала болыпты. Анасының аяулы құшағы мен жылуына бөленген балалар еңбек ету арқылы ер жетті. Әкесіз өскенімен, анамыз Збира қыздарына тағалымды тәрбие береді. «Кейбір адамның тағдыры қиын болуы мүмкін, бірақ өкінішті болуы мүмкін емес» дейді абыз Әбіш ағамыз. Збира анамыздың тағдыры ауырлау болғанымен, өкінішсіз өткендей, әкесі Нұрқожа – шөмекей рустың атакты байы, құмістелген ер-тұрманды сұлу ат мініп, жүйрік тазы ертіп жүретін Есіркеп билің ұрпағы. Кенес дәуірінде үш рет тәркілеуге ілініп, содан бас сауғалап Қарақалпақ өңіріне жер аударылып, сол жақта қайтыс болған. Бір отбасынан, елде нағашы жұртының қолында қалған Збира анамыз ғана тірі қалыпты. Көгер қызығы бар екен, он бір құрсақ көтеріп, оның тоғызын тәрбиелеп өсіргені үшін медальдармен, І, II және III дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталып, «Ардақты

тұғырын сезіне білді, жан сарайын толықтырды. Содан кейінгі өмірі студенттік шаққа ауысты.

Күлдірсін Сейтжанқызы 1981-1986 жылдары С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетінде оқиды. Білім алған ұстаздарының қатарында қазақ әдебиеттану ғылымының білгірлері Х.Сүйіншалиев, Б.Шалабаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Қ.Мырзаліев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, С.Ордалиев, Р.Бердібаев, С.Садырбаев, сол кездегі орта буын өкілдері А.Қыраубаева, З.Бейсенғалиев, Ж.Дәдебаев болды. Сөздің дыбыстық құрамы мен мағынасын, шығу тегін, грамматикалық құрылымы мен синтаксистік қызметін саралай талдайтын М.Томанов, Х.Есенов, Б.Сағындықов, Т.Сайрамбаев, С.Мырзабеков, Ж.Түймебаев сияқты тілші ғалымдардың дәрістерін санасына құйып шыңдалды. Кейін оқу бітіріп, оқытушылықпен қатар ғылым жолын таңдағанда ғылымдағы бағытын нұсқап, кенес берген ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлдархан Смағұлованың есімін ерекше құрметпен атайды.

Ол – республика, облыс көлемінде тіл тазалығы мен мәдениеті, қазақ әдеби тілі, оның нормалары мен стильдері, т.б. мәселелермен тұрақты айналысып жүрген тіл маманы, білікті, жанашыл ұстаз, қазақ фразеологиясының дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Бірнеше оқу құралы, ғылыми монографиялары мен танымдық-зерттеу еңбектері оған 100-ге жуық ғылыми мақаласы атандық, шетелдік басылымдарда жарық көрді. Тәрбиелі қазақ кезін, мықты әйел-ана, ғалым-ұстаз екенін дәлелдеді. Қайғыны да, қуанышты да қара нардай қайыспай көтере білді. Күлекеннің күллі ісінің қайырымы болды. «Әуелі тазартып ал іштің кірін, болмасын сыртың сұлу, ішің ірі» деп Ақмолда ақын айтқан жыр соқпағы – Күлдірсіннің басты ұстанымы. Халқына рухының тазалығымен, жүрегінің адалдығымен қызмет ете білген Күлдірсін Сейтжанқызының жұртқа жете қоймаған, жан әлемінің түкпіріндегі сұрленген қазыдай сақталған құпияларымен бөліскен сәйте Күлекеннің тұлғалық келбетінен ойландыра алған ой мен сұлулықты таныдым. Көркірт жаннан көркірт ойлар қаулай берсін демекпін.

Айман АЙТБАЕВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Әбдіхан КӨБЕЕВ

90 жастан асқан шағында «Қазақстанның құрметті байланысшысы», «Арал ауданының құрметті азаматы» Әбдіхан Көбеев өмірден озды.



Ол 1934 жылы Арал қаласында дүниеге келген. Ташкент қаласындағы Орта Азия политехникалық институтының «Тау-кен» факультетіне оқуға қабылданып, 1956 жылы сол қаладағы электротехникалық байланысшылар институтына ауысады. 1960 жылы байланыс саласының маманы атанып шығады.

Ә Көбеев еңбек жолын облыстық электротехникалық байланыс саласының қатардағы инженері болудан бастайды. 1962 жылы Арал аудандық байланыс мекемесінің бастығы қызметіне жіберілді. Ол қызметті 1970 жылға дейін атқарды. Сол жылдары Қызылорда қаласынан кейінгі екінші телеорталық Арал қаласына қондырылып, 500 нөмірлік АТС іске қосылады.

Ә Көбеев 1970 жылы Қызылорда қаласының біріккен байланыс мекемесінің, 1979 жылы облыстық өндірістік-техникалық байланыс басқармасының басшысы болды. Бұл жауапты қызметті 16 жылдан астам уақыт атқарып, қала, аудан орталықтарында жана типті ғимараттар салынуына дәнекерлік жасады. Елді мекендерге 50-300 нөмірлік АТС қондырылып, ауыл тұрғындары еліміздің кез келген аймағымен байланысуларына мүмкіндік туды.

1984-1985 жылдары қашық елді мекендерге спутник арқылы көрсетілетін көгілдір экран қондырғылары орнатылады.

Әбдіхан Көбеевтің Қызылорда облысы байланыс саласының негізін қалап, қарқынды дамуына қосқан үлесі ескеруісіз қалған жоқ. 1984 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен», 1986 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталды. 1994 жылы «Қазақстанның құрметті байланысшысы» атағын иеленсе, биыл облыстың Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ «Арал ауданының құрметті азаматы», «Қызылорда облысының құрметті ардагері» атақтарын иеленген. 25 жылдан астам уақыт бойы аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің пленум мүшесі және аудандық, қалалық, облыстық кеңестің депутаттығына сайланып, халықтың тұрмыс-тіршілігінің түзелуіне үлкен үлес қосты.

Ә Көбеевтің жарқын бейнесі көптің жадында ұзақ уақыт сақталатын болады.

Облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі және облыстық қоғамдық кеңес

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ТАРИХ

ҒАРЫШ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТКЕН

Әлемде «Байқоңыр» ғарыш кешенін білмейтін жан жоқ десек, артық айтқан болмаймыз. Осыдан 69 жыл бұрын маң далада бой көтерген шағын шаһар ажары бөлек қалаға айналды. Бүгінде Байқоңыр – Қазақстан мен Ресей мемлекеттері ынтымақтастығының бірден-бір көрінісі. Мұндағы тарихи орындарының бірі – қаланың тарихи музейі Байқоңыр қалалық мәдениет үйінің үшінші қабатында орналасқан.

Кіреберісінің оң жақ қабырғасына алғаш құрылыс басталған тұстағы тарих бейнеленген суреттер, яғни «Заря» (1955 ж.), одан кейін «Ленинск» посёлкесі, «Ленинск» (1966 ж. 22 маусымда) қаласы, ал бергін келе «Байқоңыр» (1995 ж.) қаласы атанғанын білеміз. Ал сол жағында «Байқоңыр қаласының Құрметті азаматы» атағын алған, ғарыш саласына еңбегін сінген азаматтардың суреттері мен мақтау грамоталары ілінген.

1967 жылы 7 қараша күні қалалық мәдениет үйінің ғимаратында «Байқоңыр» ғарыш айлағының әскери құрылысшыларының әскери және еңбек даңқы туралы экспозиция ашылған екен. Кейін көрме одан әрі кеңейтіліп, «Байқоңыр» ғарыш айлағының тарихи музейіне айналды.

Одан космодром мен қала тарихы жөнінде мол мағлұмат алуға болады. Экспонаттардың көпшілігін кезінде қала тұрғындары әкеліп берген. Құжаттар, суреттер, ғарышкерлердің жеке заттарын құрылысшылар, алғашқы қала тұрғындарының балалары мен немерелері жинаған.

Музей 4 залдан тұрады. Біріншісі – әскери және еңбек даңқы залы, екіншісі – зымыран техникасы дамуының тарихи залы, үшіншісі – этнографиялық зал, төртіншісі – көрме залы. Тамашалауға келген әрбір адам бірінші залдан Ұлы Отан соғысы жылдарында қолданған қару-жарақ, жауынгер формасын, наградалар және т.б. көптеген тарихи жәдігерді көреді.

Сондай-ақ «Байқоңыр» ғарыш кешенінің құрылу тарихындағы алғашқы құрылыстар мен ғимараттардың, үйлер мен көшелердің суреттері ғарыш

саласының бастау алған тұстарын білмейледі. 1955 жылы 5 мамырда әскери құрылысшылар тұрған штаб салынған. Қала құрылысы (ол кезде «Заря» посёлкесі) қазіргі қалалық мәдениет үйінің жанынан басталды. Ең алғашқы көшелері – Пионерская, Набережная, Школьная, Песчаная, Речная. Ең бірінші салынған мектеп – №30 мектеп (қазіргі Г.Шубников атындағы №1 мектеп).

Осы залда «Байқоңырдың» негізін салушы С.Королев, М.Неделин, Н.Хрушев, Г.Шубников сынды тұлғалардың ғарыш кешенінің құрылуына және ғарышты игеру дәуірінің басталуына сінрген еңбегі жөнінде мәліметтер жинақталған.

«Байқоңырдың» негізін қалауға атсалысқан әрбір ғалым, құрылысшының ғарышты игеруге қосқан зор үлесінің артында өлшеусіз еңбек пен ғарышкерлер ерлігі бар. Залдан ол жөнінде мол мағлұмат алуға болады, яғни мұнда Жердің тұңғыш жасанды серігінің түпнұсқасынан айнытпай жасалған көшірмесі бар.

«... Әлемнің жиегінен, яғни осы құрметке ие болған Отанымыздық қасиетті жерінен ғарыш кемелері әлі бірнеше рет белгісіз алыстарға кететін болады. Олардың әрбір ұшуы мен қайтып келуі халқымыздың, бүкіл адамзаттың ұлы мейрамы, Сана мен Алға басудың жеңісі болады», – деп жазды ғарыштық-зымыран жүйесінің бас конструкторы С.Королев.

1957 жылы 4 қазан күні кешкі сағат 22:30 шамасында С.Королевтің әйгілі «Жетінші» ғарыш кемесі (Р-7 құрылысшы баллистикалық зы-

Лайка есімді адамның досы ғарышқа ұшқан ең алғашқы тіршілік иесі ретінде бүкіл әлемге танылды. Кенес Одағының ғалымдары бұдан кейін де жаңа эксперименттермен айналысуға кірісіп кетті. Сонымен қатар, мұнда түрлі ғарыш кемелерінің («Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс», т.б.) макеттері мен нағыз ғарыш кемелерінің бөлшектерін көруге де болады. Олар туралы маңызды деректер жетерлік.

«Союз» ғарыш кемесінің ұшу кезіндегі схемасын электр жүйесіне қосу арқылы бейнеленген көрдік. Ортада Ленинск қаласының макеті де қойылған.

Екінші залдан білгеніміз – әлемде ғарыш айлағы Жапония, Үндістан, Франция, АҚШ елдерінде бар екен.

1961 жылдың 12 сәуірінде Мәскеу уақыты бойынша сағат 09:07-де адамзат тарихында тұңғыш рет «Восток» ғарыш кемесімен Юрий Гагарин «Байқоңыр» айлағынан ғарышқа ұшты. Адамның ғарышқа ұшуы өркениет тарихындағы тағы бір ренессанстық паракқа айналды, сананың көзжиегі ашылып кеткендей еді. Жюль Верннің қиял-ғажайып романдары шындыққа айналғандай болды. Адам баласы ғарышты бағындырған дәл осы күн, яғни 12 сәуір Халықаралық Космонавтика күні болып жарияланды.

Музейдегі бірегей экспонаттар-

дың бірі – «Союз» ғарыш кемесіне арналған «Сокол-К» құтқарушы скафандр. Ол герметикалық кабинада ұшу кезінде қажет. Кемеңің амортизациялық қалыбы ескеріліп, скафандр әр ғарышкер үшін арнайы жасалады. Оны ең қауіпті жерде киеді. Сонымен бірге «Казбек» деп аталатын креслоны, дайындық үстінде киетін арнайы форманы, арнайы тубиктер мен консервілерде сақталатын тағамдарды көрдік.

Осы залда 1960 жылдың 24 қазанында континентаралық баллистикалық «Р-16» зымыраны ұшыруға дайындық кезіндегі апаттан қаза болған әскери адамдарды мәңгілік аза тұту мақсатында жасакталған арнайы бұрыш та бар. Ғарыштық зымыран жүйесінің бас конструкторы С.Королевтің қызы Наталия Королеваның «Отен» деген кітабы қойылған.

Мұнда қазақтың ұлттық мәдениетіне арналған зал бар. Онда киіз үй, жабдықтары, есігі, сандық, бесік, дірмен, қазан-ошақ, күбі, келі мен келсап, самаурын мен шәйнегі, қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген текеметтер, қоржын, ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық киімдер, ат әбзелдері және тағы да басқа құнды тарихи жәдігерлеріміз экспозицияланған. Абай Құнанбайұлы мен Фани Мұратбаев бейнеленген тоқылан килемшелер көздің жауын алады. Қар-

макшы ауданынан табылған тарихы сан гасырлық «Сыр талы» деп аталған ағаштың фрагменті, «Жетіасар» мәдениетіне жататын керамикалық құмыралар, әртүрлі ыдыстар қойылған. Дала үкісінің қатырылған денесі бар.

Ғарышкерлер осында келгенде міндетті түрде киіз үйді суретке түседі. Қазақ даласынан ұшатындықтан ұлтымның салт-дәстүрлеріне ерекше ықылас танытып, көбірек білуге талпынады. Мұнда қазақ ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Тағат Мұсабаев, Айдын Айымбетовке арналған арнайы бұрыш бар.

Төртінші көрме залы тақырыпқа сәйкес өзгертіліп тұрады.

«Байқоңыр» – адамзат ғарышы үшін космонавтика дәуірін ашып, ғарышқа жол салған Жер шарындағы бірінші ғарыш айлағы. Тек ғылыми, технологиялық, әскери, саяси, экономикалық маңызға ғана не емес, ең алдымен, ұлттық мақтанышымыз.

Бүгінгі жас жеткіншек өткен тарихымызды, адамзат баласының ғарышты игеру жолында жасаған еңбегін ешқашан ұмыт қалдырмауы тиіс. Себебі тарих – біздің келер ұрпаққа мақтанышымен аманат етіп қалдырар жеткен жетістіктерімізді, бағындырған биіктерімізді айқындайтын асыл да, қастерлі қазынамыз.

Қымбат БЕРДЕШ, Байқоңыр қаласы



/// БҰЙҒЕ

АТ БҰЙҒЕСІ – ДӘСТҮРЛІ ТОЙДЫҢ ДАРА САЛТАНАТЫ

Сенбі күні Қызылордада Қала күні мен «Алтын күз-2024» дәстүрлі мерекесі аясында ұлттық ат спорты бәйгесі ұйымдастырылды. Дүбірлі бәйгені облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттары тамашалады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аймақ басшысы жарысқа қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

– Берекесімен, молшылығымен келетін күз мезгілінде халқымыз егін жинап, қамбасын толтырып, мәре-сәре болып, бір жасап қалады. Егін бітік шықты деп, қуаныш тойын тойлап, ат шаптырып, бәйге береді. Ертеден жеткен осы дәстүрімізді біз де жалғастырып келеміз.

Қыркүйек айында Мемлекет басшысының бастамасымен өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 4 санлағымыз бақ сынап, 2 алтын, 1

қола медаль жеңіп алды. Осылайша Сыр спортының жылнамасын жаңартты, этносportтың дамуына үлес қосты.

Бүгінгі бәйге Сыр өңірінің мерейін асырып, ұлттық спорттың өркендеуіне мол мүмкіндік береді деп сенемін!

Төзім мен жігер, қайрат пен мінез сынга түскен бәйгеде тулпарлардың тұяғы талмасын, аргымақтар аламанда арындасын! Шабандоздардың тақымы тастай болсын! – деді облыс әкімі.

Жарысқа қатысушыларға ауыл шаруашылығы саласының



ардагері Нұрлыбай Ұлықпанды ақ батасын берді.

Жылдағы үрдіс бойынша, Қызылорданың «Алтын күз» мерекесінде ат шаптырып, бақ пен бап сынауға ынталылар көп. Оның үстіне көршілес об-

лыстардан келетін атсейістер де аз емес. Биыл да сол үрдіс салтанат құрды. Аламан, тоқ, құнан, тай бәйгелері ұйымдастырылып, арындаған жүйріктер, сол жүйріктерді тақымында толқытқан шабандоздар

ұлттық өнердің сара сайысын тамаша тартуға айналдырды. Жеңімпаздарға басы 3 млн теңгеден бастап ақшалай сыйлық жасалды.

«СБ» ақпарат

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

ҚОЛДАУДЫҢ ИГІЛІГІН КӨРДІ



Қазір мемлекет тарапынан кәсіп бастаушыға көрсетілер көмектің түрі көп. Қайтарымсыз грант жобаны жетілдірсе, кәсіпке ынталы жандардың шаруасын дөңгелектеуге жеңілдетілген несиелер де қарастырылған. Осы жобалар арқылы қаншама адам кәсіпкер атанды. Солардың бірі – қала тұрғыны Жазира Рамазан.

Ол тігіншілік саласында 10 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бастапқы кезде түрлі тасдан қыздарға арналған әшекей бұйымдар жасаған. Кейін тігінді қолға алып, үйінің бір бөлмесін жұмыс орынына айналдырды. Тапсырыс көбейген соң, жолдасы қолдау бөлдірді. Қала орталығынан тігін шеберханасын ашып берді, 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Осылайша «Qoloner brand by Zhazira Ramazan» брендин қалыптастырып, түрлі дизайнды қазақтың ұлттық нақыштағы киімдерін тігуде. Ұлттық құндылығымызды дәріптеуді қолға алған оның идеялары мықты. «Күнделікті киетін киіміміз арқылы ұлттық болмысымызды айшықтауға болады» деген ұстанымда. Осы мақсатта үлкен кішіге арналған қазақы шапан, берік, көздің жауын алатын сәукеле мен көйлектер тігеді.

– Қазір тігінді нақыштағы киімдерге сұраныс жоғары. Тек заман талабына сай етіп тігу керек. Сапасы жоғары болуы тиіс. Бұрын Наурыз мерекесінде ғана шапан, көйлек іздейтін. Бүгінде күнделікті киюге арналған үлгілеріне тапсырыс көп. Жақында ғана 30 балаға шапан тігтім. Матасы жақсы, терлетпейді, қалың әрі сырмалы. Өте ыңғайлы. Тапсырыстың көбіне үлгермей де жатырмыз. Тігін цехы үш бөлмелі. Бір бөлмесіне тек арнайы техникаларды орналастырдым. Енді киюге арналған құрылыс саптып алмақпын. Оған қоса тігін машинасының да санын көбейту керек болып тұр, – дейді ол.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Кәсіпін дамыту үшін «Бастау Бизнес» жобасына қатысып, 1,4 млн теңге қайтарымсыз грант ұтып алды. Қаржыға кәсіпкер керекті құрал-жабдығын, соңғы үлгідегі тігін машинасын әкелді. Осылайша жұмысы жеңілдеді, мемлекеттік қолдаудың игілігін көрді.

– Жұмыс істеймін дегенге мүмкіндік мол. Қолдау бар жерде жетістікке жетуге болады. Тек ынта мен ниет болса болғаны. Интернетте де мүмкіндігі көп. Тапсырысты да әлеуметтік желіден қабылдаймын. Керекті мата, түйме сынды бұйымдарды да желі арқылы тапсырыс беремін. Ал қойдың жүнін жергілікті шеберлерден алдырамын. Оны түтетін арнайы цех болмағандықтан жинап, жаз мезгілінде өзін дайындауды қолға алмақпын. Қой жүнінен балалар мен үлкендерге арналған көрпе, жастық тігемін, – дейді шебер.

Тігіншінің алдына қойған жоспары көп. Этностильдегі киімнен бөлек, шүберек сөмке, ою-өрнектермен көмкерілген жастықтың да тұр-түрін тігеді. Сонымен қатар ұлттық киімді фотосессия жасауға және мерекелік іс-шараларға киюге жалға береді.

Алдағы уақытта шеберханасын кеңейтіп, қауіпсіз жұмысқа ойыншақтар тігуді қолға алмақ. Ол үшін тағы да мемлекеттік грантка қатысу жоспарында бар. Қажетті құжаттарын дайындап, өткізуді қойды. Тек нәтижесін күтуде. Әрине, қолдау тапқаны игі.

АЛТЫН КИІМДІ ТАСҚОПА КӨСЕМІ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің 85 жылдығына орай С. Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Алтын киімді Тасқопа көсемі» атты Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы жәдігерлер көрмесінің ашылуы өтті.



Көрмеге сол дәуірдің құнды жәдігерлері қойылды. Облыстық тарихи-өлкетану музейі директоры Сапар Көзеебаев екі өңір арасындағы мәдени, әріптестік байланыстың тиімділігіне тоқталып өтті. Сонымен қатар облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастығы Мира Қазбекованың Алғыс хатымен марапаттады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Көрме экспозициясына Ақтөбе өлкесіндегі Сармат ескерткіштерінің зерттелу тарихына, жерлеу орындарына қатысты, ерте темір дәуіріне жататын, Темір ауданындағы Тасқопа обаларына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған құнды жәдігерлер қойылды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Медет Құлмұқанов көнең көзіндей мұралар туралы айтып берді. – Көрмеге 282 экспонат қойылып отыр. Ең құндысы – Тасқопа қорымынан қазылып алынған жәдігерлер негізінде қайта қалпына келтірілген Қазақстандағы сегізінші алтын адам. Негізгі мақсатымыз – ерте көшпенділердің элиталық археологиялық ескерткіштерін зерттеудегі жетістіктерді көпшілікке насихаттау. Көрме қазан айының 30-на дейін жалғасатау. Жалпы Ақтөбе өңірінде темір дәуіріне байланысты 400-ден астам көрнекті ескерткіш бар. Бұл көрме жоба ретінде Сыр елінен бастау алып отыр. Алдағы уақытта басқа өңірлерге де барамыз, – деді ол.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «21» қазан 2024 жылы кепіл мүлкін төмендету әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізеді/АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «21» октября года на понижение

№ р/п л/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орыны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Жиллой дом/ Тұрғын үй	г.Қызылорда, мкр. Арай, ұл.Жауказын, дом 56/Қызылорда қ., Арай м/а, Жауказын көшесі, 56 үй	жиллой дом, общ.пл.106,3 кв.м., с земельным участком, общей площадью 0,0909 га./ жалпы ауданы 106,3 ш.м., сондай-ақ жалпы аланы бар жер учаскесімен 0,0909 га.	15 575 655 теңге/теңге	827 782,75 теңге /теңге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткізетін бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХХ, ИИК КЗ21856000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 11 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Мамыр Н.У.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79216, 87027089966.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов пореквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХХ, ИИК КЗ21856000000274901.

Место проведения торгов – г.Кызылорда, ул. Байтұрсынова 46.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 11 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Мамыр Н.У. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7242) 55-18-88, вн. 79216, 87027089966.

/// ТУРНИР

ТҰЛҒА ТҰҒЫРЫ АЛАСАРМАЙДЫ



Туған жерінің экономикалық-әлеуметтік дамуына үделі үлес қосқан құрметті азаматтардың бірі, елдің бірлігі мен ынтымағын арттыруға күш-жігерін арнаған тұлға Болатбек Сүлейменов Қармақшы өңіріне ғана емес, Сыр еліне қадірлі есім. Ол көп жыл туған жерінде шаруашылық басқарып, партия-кеңес қызметтерін атқарды. Қызметіндегі толайым табыстары үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Өткен аптаның 12-13 қазанында Қызылорда қаласындағы «Еуразия» спорт кешенінде дзюдодан 2004-2006 жылы туған жастар арасында қоғам қайраткері, Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Болатбек Сүлейменовті еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнир болып өтті.

Биыл 23-рет жалау көтерген жарысқа Өзбекстаннан және еліміздің он үш аймағынан 230-ға жуық спортшы қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов, дзюдо күресінен ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ишанбек Жұмбаев және Дина Исмайлова сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Татами тартысында өзбек палуандары мен алматылықтар алдыға түсті. Олар бірнеше сал-

мақ дәрежесінде озық болды. Ал, жерлестеріміздің жайына келсек, қыздар арасындағы күрес белсенді көрінді. 48 келі салмақта С.Иманәлиева, 63 келіде Ж.Жайсанбай 2-орын алса, 70, 78 келі салмақтарда А.Аппазкожа мен К.Бақытбек 1-орын иеленді. Сонымен бірге, А.Молдашбек, Ж.Құрманбаев секілді палуан қыздар да үштік ішінде болды.

Жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеуге, денсаулық кепіл спортты дамытуға ден қойып, белсенді атсалысып отырған Болатбек Сүлейменовтің баласы Сағатбек Сүлейменовтің еңбегі ерекше. Перзент бойындағы өзе рухына деген құрмет пен ерен елшілік сезім тұлға тұғырының аласармайтынына дәлел, азаматтың осы игі ісі әрқашан көпшілік алғысына бөленіп келеді.

«СБ» ақпарат

БОЗКІЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕ

Қызылорда қаласындағы №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде еркін күрестен жаттықтырушы Жарқын Дүйсеновті еске алуға арналған облыстық ашық турнир өтті.



Биыл үшінші мәрте жалауын жеңбіреткен бәсекеге облыстың жас спортшылары қатысты. Сайыс барысында бозкілемге шыққан әрбір жас бойындағы жігерімен жанкүйерлер көзінамына айналып жатты.

Асфандияр Жүсіпназар (26 кг), Әбілмансұр Егізбай (29 кг), Асылжан Нұриддин (32 кг), Алик Әбділда (35 кг), Мәди Әбу-бәкір (38 кг), Асылжан Өмірбек (41кг), Нұрсерік Жолдыбай (44 кг), Нұрслам Ысқақ (48 кг), Ислам Нұрлан (51 кг), Нұртере Байсенбай (62 кг) өз салмақтарында жеңімпаз атанды.

Жеңімпаз жеткіншектерге медаль мен дипломдар табысталады.

– Турнирдің мақсаты – еркін

күрестен жаттықтырушы Жарқын Дүйсенов бейнесін ел есінде қайта жаңғырту. Жеңімпаздары болашақта аймағымыздың атын шығаратын чемпион болса деген ниет. Жарқынның да арманы осы еді. Елдің намысын көтеріп, абыройын асыратын жана спорт жұлдыздарын шығару болатын. Биылғы жарысқа 11-12 жас аралығындағы балалар қатысуда. Осы сайыстан озық шыққан балалар Әлем чемпионатында биік тұғырдан көрініп жатса, турнирдің нәтижелі болғаны, – дейді жарыс ұйымдастырушысы Айдос Бимұхамедов.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.